

**«БҮКІЛӘЛЕМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» СЕКЦИЯСЫ  
СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ И  
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ»**

**XX Ғ. 20 ЖЖ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ  
ІШКІ ЖАҒДАЙЫ**

**Адамбек Б.К.**, т.ғ.к., профессор  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
**Адамбеков Е.К.**, т.ғ.к., профессор,  
«Болашақ» университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Жүріп жатқан азамат соғысқа байланысты Кеңес үкіметі экономикадағы саясатын өзгертіп, оны тұтас соғыс кезіндегі міндеттерге бағындыруға мәжбүр болды. Осы шұғыл шаралар кейін тарихта «әскери коммунизм саясаты» деп аталып кетті.

Бұл саясат бойынша әскери-мобилизациялық және реквизициялық система қолданыла бастады. Енді барлық өнеркәсіп және онда өндірілетін тауарлар толық үкімет жағынан басқарылып бөлінетін болды. Өйткені нарықтық қатынастардың бұзылуы, шаруашылықтағы натурализация, азық-түліктің жетіспеуі әскери-коммунистік сипаты бар шараларға көшуге мәжбүр етті. Сөйтіп экономиканы басқаруда милитаризациялаудың белгілері айқын біліне бастады.

Өнеркәсіп салаларында басшылық ету қатаң түрде орталықтандырылды. Фабрикалар мен заводтарды жұмысшы күшімен қамтамасыз ету үшін жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізіліп, халықты еңбекке мобилизациялау жұмысы жүргізілді. Буржуазиялық элементтердің дүние-мүлкі экспроприацияланып, оларға қосымша 10 миллиард сом төтенше революциялық салық төлеу және міндетті түрде еңбек ету міндеттелді.

Сонымен қатар Кеңес үкіметінің шешімі бойынша азық-түлік салығы енгізілді. Осыған байланысты шаруалар қолындағы астығының және ауыл шаруашылық өнімдерінің басқа да түрлерінің артылып қалғанын түгелдей мемлекетке тапсырып отыруға міндетті болды. Осы салықты арнайы азық-түлік отрядтары жинады.

Қалыптасқан жағдайда тауарлардың негізгі түрлерімен сауда жасауға тиым салынып, азық-түлік халық арасында кооперация арқылы топтық белгісіне қарай бөлінетін болды. Ал еңбек етпейтіндерге еңбек ету міндеткерлігін өтеген күнде ғана азық-түлік берілді.

Соғыс кезінде Кеңес үкіметі қағаз ақшаны көп шығарғандықтан ол құнсызданып, қолданудан қала бастады. Сондықтан жұмысшылар мен қызметкерлерге жалақы заттай төленіп, оларға азық-түлік паегі берілді. Сонымен қатар коммуналдық қызмет, пәтер, транспорт үшін берілетін ақы жойылды. Осындай кейбір коммунистік принциптерді енгізуі Кеңес үкіметінің асып-тасып жатқанынан емес қайта соғыста жеңіп, өздерінің билігін сақтап қалу үшін большевиктердің жүргізген төтенше саясаты болды.

Азамат соғысының қанды оқиғалары және «әскери коммунизм» саясаты ел экономикасын құлдыратып жіберді. Соғыс кезінде Ресейдің орталық аймақтарындағы, Украина, Кавказ, Орал мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген өнеркәсіп және өндіріс орталықтары бұзылып, көбісі тоқтап қалды. Мысалы: Мәскеу мен Петроградтағы завод фабрикалардың жартысынан астамы шикізат болмағандықтан өз жұмыстарын тоқтатты. Милиондаған адам жұмыссыз қалып, деревняға кете бастады. Жалпы жұмыссыздық КСРО-да 1921 жылдан 1930 жылға дейін сақталды [1, 118 б.].

Ауыл шаруашылықтан алатын өнім соғыстан бұрынғы 60%-ғана құрастырды. Азық-түлік жетпегендіктен бірқатар аймақтарда ашаршылық басталды. «Әскери коммунизм» саясаты әсіресе село мен деревняны күйзелтті. Осыған байланысты шаруалардың наразылығы да күшейді. Азық-түлік тауарларының бағасы бірнеше рет өсіп, халықтың көпшілігі алып-сатарлықпен шұғылдана бастады. Сол кезде Ресейде болып кеткен испан социалисті Ф.Риос «Бүкіл Ресей алыпсатарлыққа бет алды...»-деп жауы ашық айтқан шындық еді[2, 104 б.].

Экономиканың дағдарысын транспорт салаларының жұмысты тоқтатуы одан сайын шиеленістіре түсті. Соған байланысты әртүрлі аймақтардың қатынастары қиыншылыққа ұшырады.

Осыған қарамастан Кеңес үкіметі нарықты жою, тауарларды бөліп беру саясатын жалғастырды. Ақша құнсызданып, көптеген жерде қолданудан қалды. Бұл кезде большевиктердің ақшаны жалпы жою туралы жоспарлары да болған.

1920 жылдың аяғында Бүкілресейлік Кеңестер съезі халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны электірлендіру (ГОЭЛРО) жоспарларын бекітіп, соларды іске асыруға қадамдар жасай бастады [3, 95 б.].

Соған қарамастан 1920 жылдың аяғында және 1921 жылдың басында қалаларда еңбекшілердің ереуілдері мен шерулері көбейді. Оларға қатысушылар саяси системаны демократияландыруды, Учредительдік Құрылтайды шақыру, кәсіп одақтардың құқықтарын кеңейту т.б. талаптар қойды.

«Әскери коммунизм» саясаты бойынша астықты тартып алу, азық-түлік отрядтарының жүгенсіздіктері, шаруалардың наразылығын күшейтіп, олар ашық көтерілістерге әкеп соқты. Аталған кезеңде Түмен, Тамбов губернияларында, Украинада, Дон мен Кубанда, Еділ бойы, Сібір мен Қазақстанда ірі шаруалар көтерілістері болып өтті. Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес үкіметіне қарсы ұлт-азаттық күрес кең етек алды. Шаруалар көтерілістерінде большевиктердің диктатурасын жою, әділ сайлау өткізу туралы саяси ұрандар пайда болды. Осы көтерілістердің барлығын Қызыл Армия ірі әскери операциялар арқылы басып тастады. Көптеген деректерге қарағанда көтерісшілерге қарсы күресте М.Тухачевский мен С.Буденный басқарған жазалаушы әскерлер ерекше қаталдықтарымен көзге түсті [4].

Ал Кеңес үкіметіне ең қауіпті көтеріліс, Қазан төңкерісі кезінде большевиктердің тірегі болған Кронштадт қаласында 1921 жылдың ақпан-наурыз айларында болды. Көтерісшілер Балтық флоты мен Кронштадты өздеріне бағындырып, социалистік партиялардың өкілдерін түрмеден босату, коммунистік жазалау бөлімшелерін тарату, әділ сайлау өткізіп, Кеңестерден большевиктерді қуу, сөз, шерулер, партиялар қызметіне бостандық беру, шаруаларға өнімдерін өз еркімен жұмсау және т.б. мақсаттар белгіледі.

Кеңес үкіметі көтерісшілерді «бүлікшілер» - деп оларға қарсы екі армия және РКП(б)-н X Съезд делегаттарынан құрылған отрядтарды жіберді. Наурыздың 16 күні екінші шабуылдан кейін ғана Қызыл Армия көтерісшілерді талқандап, мыңдаған адамды жазалады [5,623].

Бұрынғы кеңестік тарихнамада аталған оқиғалар экономикалық дағдарыс ретінде ғана көрсетілген. Шын мәнінде 1920ж. аяғы мен 1921ж. басында Кеңестік Ресейде экономикалық және саяси дағдарыс бірдей болды. Осыған орай «1921 жылдың көктемі саясатқа-Кронштадқа айналды»-деп Лениннің мойындауы айтқанымызды толық дәлелдейді.

Экономикалық және саяси дағдарыс большевиктер партиясының басшыларын осы тығырықтан шығатын жол іздеуге мәжбүр етті. В.Ленин, Л.Троцкий, Н.Бухарин сияқты қайраткерлер социалистік ұрандарды ұстанғанына қарамастан сол кездегі капиталистік экономиканы ұйымдастыру теорияларымен, оның ішінде тейлоризм концепциясымен, Ресей экономистерінің еңбектерімен, ғасыр бойындағы елдегі модернизация тәжірибесімен танысуы мүмкін еді. Қалай болса да 1920 жылдың ақпан айында Л.Троцкий «әскери коммунизм» саясатының орнына экономикада басқа жол іздеу туралы ұсыныс жасайды. Бірақ бұл ұсыныс қолдау таппайды. Ал бір жылдан кейін 1921 жылдың басында Ленин осы ұсынысты өз атынан большевиктер партиясының саяси бюросының күн тәртібіне қояды. Осы мәселе кейін партияның X съезінде 1921ж. қаралып, бірқатар толықтырулармен «Жаңа экономикалық саясат» ретінде қабылданды. Бұл саясат билікті Кеңес үкіметінің қолында сақтап, капиталистік тәжірибені пайдалана отырып, тағырықтан шығу жоспары еді. Бұл жоспар Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесінің декреттерімен бекітілді [6,180 б.].

Жаңа экономикалық саясатқа экономикалық және саяси-әлеуметтік шаралар кірді. Сонын ішінде «әскери коммунизмнен» бас тарту және кәсіпкерлікті дамыту, ішкі сауданы дамытып, сыртқы саудаға монополия енгізу, шаруалардың кейбір талаптарын орындау т.б. болды.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) ең басында ауыл-шаруашылығында басталды. Енді бұрынғы азық-түлікті тартып алудың орнына үкімет шаруаларға азық-түлік салығын міндеттеді. Осы салықты төлегеннен кейін шаруалар қалған өнімдерін базарда еркін сата алатын болды. Сонымен қатар олар жерді жалға (аренда) беруге, жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат алды. Деревня кооперацияның әртүрлі формаларын (тұтынушылар кооперациясын, ауыл-шаруашылық, кредит кооперацияларын және басқаларын) өркендетуге мүмкүндік алды.

ЖЭС бойынша өнеркәсіп саласында халыққа керекті тауарларды жедел өндіру мақсатымен мемлекет бүкіл ірі өнеркәсіпті өзіне бағындырып, көптеген ұсақ кәсіпорындарды кооперативтер мен жеке арендаға берді. Сонымен қатар кейбір өнеркәсіп ошақтары шетел капиталистеріне концессияға

берілді. Тіпті біріккен кәсіпорын құруға да рұқсат етілді. Сөйтіп мемлекеттік-капиталистік сектор пайда болды.

Еңбекке тарту системасы да өзгертіліп, бұрынғыша еңбекке мобилизациялау тоқтатылды. Завод, фабрикалар жұмысшыларды еңбек биржасы арқылы жұмысқа алатын болды. Мекемелер өзін-өзі қаржыландыру принципіне көшіп, жұмысшылардың жалақысы олардың квалификациясына, өндірілген тауарларының санына және сапасына байланысты беріле бастады.

Сонымен қатар өнеркәсіпті басқару системасы өзгертілді. Бұрынғы 50 астам салалық басқармалардың саны 16 дейін азайды. Ал шенеуніктер екі есе қысқартылды. Кейбір өнеркәсіп салаларының жұмыстарын құрыла бастаған тресттер атқаратын болды [7,107 б.].

Экономиканы дамытуда қаржы системасының алатын орны белгілі. Ал ақшаның құнсыздануы қауіпті деңгейге жетті. Мысалы: 1921ж. басында кеңестік 100 мың ақша белгісінің бағасы соғыстан бұрынғы бір тиынға теңелді. Осыған байланысты кейбір аймақтарда халық ақшадан бас тартып, тауарларды айырбастауға көшті. Осындай тығырықтан шығу үшін Кеңес үкіметі 1922-1924 жылдары өте сәтті және ұтымды ақша реформасын жүргізді. Ол бойынша 1921 жылы құрылған Мемлекеттік банк бағамы жоғары червонец 10 рубль шығара бастады. Кейін ақшаның басқа ұсақ түрлері шықты. Қазіргі ғалымдар осы ақша реформасын Кеңес дәуіріндегі ең сәтті реформа деп есептейді және сол кездегі экономикадағы жетістіктерді нақты соның жүргізілгенімен байланыстырады [8,201 б.].

Жаңа экономикалық саясаттың негізінде Кеңес үкіметі алдына қойған халық-шаруашылығын қалпына келтіру мақсаттарын іске асырды. Ауыл-шаруашылық саласы 1926 жылдың басында соғыстан бұрынғы деңгейге жетсе, өнеркәсіптегі даму сол деңгейдің 75% құрады. Ал жеңіл өнеркәсіп салаларында бұдан да жоғары болды. Осының өзі аз да болса еңбекшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартта бастады. Жалпы жаңа экономикалық саясат большевиктердің сол жылдары жүргізген ұтымды саясаты болды. Сондықтан Кеңес үкіметінің позициясы да әлдеқайда күшейе түсті [9,223 б.].

Жаңа экономикалық саясат әлеуметтік және саяси жағдайды да өзгертті. 1922 жылы жаңадан еңбек заңдарының Кодексі қабылданды. Ол бойынша еңбекке мобилизация тоқтатылып, жұмыскерлерді еркін жалдауға рұқсат берілді. Еңбекақы системасының реформасы жүргізілді. Бірақ әлеуметтік саясат таптық бағытта жүргізілді. Басқару органдарға сайлау кезінде жұмысшылардың ерекше рөлі сақталды. Халықтың бір бөлігі сайлауға қатыса алмай қала берді.

Ішкі саясаттағы кейбір өзгерістерге қарамастан мемлекеттік басқару системасы бұрынғыша сақталды. Өйткені барлық мәселені партия аппараты ғана шешетін жағдай қалыптасты. Бірақ елдегі болып жатқан өзгерістер басқарушы партияның өзінде көптеген пікірталас туғызды. Онда кәсіподақтардың рөлі, мемлекет системасы, жаңа экономикалық саясат т.б. мәселер талқыға түсті. Осы кезде қалыптасқан фракциялар Лениннің және оны қолдаушылардың позицияларымен келіспейтіндіктері туралы ашық айта бастады. Мысалы «жұмысшы оппозициясы» деген топ басқару системасын демократияландырып, кәсіподаққа басқару өкілеттігін беру туралы ұсыныстар жасаса, Л.Троцкий және т.б. қайта басқаруды ерекше орталықтандырып, кәсіподақтарды тарату мәселесін көтерді. Бірақ партияның X съезінде оппозицияға қатысқандар сынға ұшырап, фракциялар құруға тиым салынды. Ал съезден кейінгі жүргізілген «тазалау» науқаны кезінде фракционерлерді қолдаған коммунистер партия қатарынан шығарылды [10, 402 б.].

Кеңестік басқару системасының бір бөлігі жазалау аппараты болды. Бұрынғы Төтенше комиссия (ВЧК ) 1922 жылдан бастап саяси басқармаға айналып, қоғамдағы ахуалға қатаң бақылау жасап, коммунистік идеяларды қолдамайтындарды осы уақытта Солтүстік аймақтарда құрыла бастаған концентрациялық лагерлерге жібере бастады. 1921-1922 жж. эсер және басқа партиялар өкілдерінің істері арнайы сот процесстерінде қаралып, олар өлім жазаларына кесіліп немесе көп жыл бас бостандығынан айрылып, түрмелер мен лагерлерге қамалды [12,173]. Дәл осы уақытта большевиктер идеясын қолдамағаны үшін Ленин басқарған науқан өтіп, көптеген Ресей интеллигенциясының өкілдері шетелге қуылды. Осындай әдістермен большевиктер өздерінің идеологиясын қоғамда қалыптастыра бастады.

Мемлекеттік деңгейде жүргізілген террорлық саясат арқылы өздерінің саяси және идеялық қарсыластарын қуғынға ұшыратып, большевиктер «шаруалармен одақтасқан пролетариат диктатурасын» немесе бір партияға бағынған саяси системаны құрды. Сөйтіп американ тарихшысы М. Ферро айтқандай «большевизм мемлекеттік жүйеге айналды». Шын мәнінде бұл система большевиктер партиясының 70 жылға созылған диктатурасына әкеп соқты.

Кеңес үкіметін орнату кезеңінде большевиктер ұлт аралық мәселелермен шұғылданса да оның маныздылығына онша көп мән бере қойған жоқ. Қазан төңкерісіне дейін Ресейді «халықтар түрмесі»-деп олардың бостандығын жақтаған В.Ленин, И.Сталин т.б. большевиктердің көсемдері өздері билікке келгеннен кейін «ұлы державалық» пиғылдарын көрсете бастады. Атақты советолог

Р.Пайпстың айтуынша: «Ленин ұлттық проблемаға оны қалай шешу үшін емес, қайта оны қалай пайдалана білу керек деп қарады» дегенімен келісуге болады [13,4 б.]. Бірақ 1917 жылғы Декларациядағы уәделерін большевиктер Азамат соғысының қиын кезеңінде іске асыра бастады. Сөйтіп олар ұлттық аймақтарды уыстарында ұстап қалғысы келді.

«Пролетарлық интернационализм» принципіне негізге алып большевиктер 1918-1920жж. Ресей құрамында бірқатар автономиялар құрды. Бұл жұмысты жүргізгенде олар орталық аппарат пен көбінесе орыстардан тұратын жергілікті партия ұйымдарына сүйенді. 1918 жылы Еділ бойындағы немістер коммунасы, ал 1919 жылы Татар-Башқұрт автономиялары құрылды. Бірақ Татар-Башқұрт автономиясының басшылары «Пантюркизм» жолына түсті деп үріккен большевиктер бұл автономияны екіге бөлді. Сөйтіп 1920 жылы Башқұрт автономиялық кеңестік социалистік республикасы, Татар автономиялық кеңестік социалистік республикасы, Қазақ кеңестік автономиялық республикасы, Дағыстан және Таулы кеңестік автономиялық республикалары, сонымен қатар Шуаш, Карел, Удмурт, Мари, Қалмақ автономиялық облыстары мен округтары құрылды. Ал 1921 жылы Коми, Кабарда, Қырым автономиялары пайда болды.

Азамат соғысының аяғына қарай бұрынғы Ресей кеңістігінде Украин, Белорус, Әзербайжан, Армян және Грузин кеңестік социалистік республикалары және Қиыр Шығыс республикасы пайда болды. Оларды большевиктер құрған үкіметтер басқарды. Орта Азияның Қызыл Армия басып алған жерлерінде «қуыршақ» Бұқар және Хорезм халық республикалары құрылды [14, 462 б.].

1920-1922жж. осы республикалардың көпшілігі Ресей федерациясымен шаруашылық және дипломатия салаларында одақтастық туралы келісім шарттарға қол қойды. Ал осы республикалардың партия ұйымдары облыстық партия комитеті ретінде РКП(б) Орталық Комитетіне тікелей бағынатын болды. Ал Орталық комитет ұлт аймақтарындағы жергілікті халықтардың өкілдеріне сенімсіздікпен қарап, сол жерлердің басшылығына көбінесе комиссарларды Мәскеуден жіберіп, немесе сондағы орыс жұмысшылары мен солдаттарды қойды. Соңғылардың Орта Азиядағы «басқаруы» туралы партияның Орталық Комитеті 1920 жылдың маусым айында арнайы қаулы қабылдап, онда: «Отаршылдық психологиясы дарыған орыс жұмысшыларының қолында Кеңес үкіметі 2,5 жыл болса да, келімсектер мен жергілікті Түркістан халықтарының қарым-қатынастары өзгерудің орнына одан сайын шиеленісе түсті»-деп көрсеткен.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Соколов А.К. курс советской истории, 1917-1940.-М.:Высшая школа,1959, 271 с.
2. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. Оқу құралы.-Қарағанды.:КарМУ баспасы, 2005.-344б.
3. История СССР: Учебник. В 2-х частях. Часть II. Под ред. Н.Е.Ертемова.-М.:Высшая школа,1982.-351 с.
4. «Без расстрелов не получается». Новая газета №4(725), 2021, 28 февраля.
5. Карр Э. История Советской России. – Книга 1. – том – 1-2: Большеви́стская революция. 1917-1923. /Пер. с англ.- М.: Прогресс, 1990. – 768 с.
6. История СССР. Эпоха социализма. Учебное пособие.-М.:Просвещение,1977.-560 с.
7. Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1917-1991). Қарағанды: КарМу баспасы, 2018.-244 б.
8. Берхин И.Б. История СССР (1917-1978). Учеб. Пособие.-3-е изд.-М.:Высшая школа, 1979.-664 с.
9. История СССР.Советский период.-М.:Высшая школа,1987.-с.704.
10. Новейшая отечественная история. XXв. : учеб. Пособие. В 2-х кн.-М.:ВЛАДОС, 2004.-Кн. 1.-447 с.
11. Реабилитация: Политические процессы 30-50 годов. Под ред. А.Яковлева.-М.:Политиздат, 1991.-464 с.
12. Верт Н. История Советского государства. 1990-1991: Пер. С франц. – 2 изд. – М. : Прогресс-Академия, 1995 – с. 544.
13. Адамбек Б.К. Кеңес Одағының құрылуы мен күйреуінің тарихи сабақтары. Вестник Карагандинского университета №2(70), Серия. История. Философия. Қарағанды, 2013, с.4.
14. Пособие по истории СССР.-М.:Высш. шк., 1987.-735 с.